Бекітемін:
ЖШС "Толағай-1"бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Т. Оңғарбай

Педагог-психологтың 2025/2026 оқу жылына арналған перспективалық жұмыс жоспары

Мақсаты: баланың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау, бала, тәрбиеші және педагогикалық үдерістің басқа мүшелері тұлғасының дамуына оңтайлы жағдай жасау.

Міндеттері

- Әрбір жас кезеңінде балалардың толыққанды тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету.
- Балалардың гипербелсенді іс-әрекетінің алдын алу және жою.
- Балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әр баламен жеке тіл табысуды қамтамасыз ету.
- Баланың зияткерлік және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу және жою.
- Баланың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету.

№	Жұмыс бағыты, қызмет мазмұны	Контингенті	Орындау мерзімі	Нәтижесі
Психологиялық-педагогикалық диагностика				
1	Танымдық үдерістердің даму деңгейін диагностикалау	Дайындық топтары	Қыркүйек	Хаттама
2	Танымдық үдерістердің даму деңгейін диагностикалау	Ересек топтар	Қазан	Хаттама
3	ПМПК бағытталған балаларды мұқият диагностикалау	Логопедтің сұрауы бойынша ішінара	Наурыз	Хаттама, психологиялық карта
4	Танымдық үдерістердің даму деңгейін қайта диагностикалау	Ересек топтар	Сәуір	Хаттама
5	Мектепте есеюді диагностикалау	Дайындық топтары	Мамыр	Хаттама
Психологиялық консультация және ағарту				
1	«Қалаймын, жасай аламын, керек!» отбасылық қонақ бөлмесі	Ата-аналар, _____ топ балалары	Қараша	Презентация
2	«Мен балабақша тәрбиеленушісімін» жобасының	Ата-аналар, _____топ балалары	Қаңтар	Презентация

	презентациясы			
3	«Танымдық қызмет жүйесінің есіне» семинары	Педагогтер	Ақпан	Презентация, тезистер
4	Жеке консультация	Педагогтер, ата-аналар	Жыл бойы	Ұсыныстар
5	Стендтік ақпарат	Ата-аналар	Тоқсанына бір рет	Әзірлемелер
Түзету және дамыту жұмыстары				
1	Диагностика нәтижелері бойынша түзету сабақтары	Дайындық және ересек топ балалары	Жыл бойы	Жоспар, сабақ әзірлемелері
2	Коммуникативтік машықтарды дамыту бойынша ойын тренингі	Ортаңғы топтар	Қараша	Конспект
3	Қиялды дамыту бойынша ойын тренингі	Ересек топтар	Қаңтар	Конспект
4	«Достасуды үйренеміз» ойын тренингі	Дайындық топтары	Наурыз	Конспект
5	Педагогикалық шеберлік аптасы. Қорытынды түзету сабағы	Түзету тобы	Сәуір	Конспект
Өз бетімен білім алу				
1	Әдістемелік әдебиетпен жұмыс	Педагог-психолог	Жыл бойы	
2	Педагог-психологтардың қалалық әдістемелік бірлестігіне бару	Педагог-психолог	Білім бөлімінің жоспары бойынша	
3	«Түзету дамыту жұмысы аясында мектепке дейінгі жастағы балаларға құм терапиясын қолдану» өз бетімен білім алу тақырыбымен жұмыс	Педагог-психолог	Жыл бойы	Портфолио

Психолог: Рахимова Дамегул

Бекітемін:
ЖШС “Толағай-1”бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі
Оңғарбай

«Толағай-1» балабақшасындағы психологиялық қызметтің
2025 - 2026 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты:

Сапалы тәрбие беру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыру;білім беру саласында балалардың психологиялық дамуына көмектесу.

Міндеттері:

1. Психологиялық саулықтарын нығайту, жасы мен жеке дамуын ескере отыра, балабақшада әр балаға ыңғайлы жағдай жасау;
2. Білім беру саласында әр балаға дер кезінде психологиялық көмек пен алдын-алу жұмыстарын жүргізу.
3. Педагог кадрлар мен ата-аналар қауымының психологиялық саулық туралы түсінігін кеңейту.

Жылдық жұмыс бағыттары:

- Ақпаратты –аналитикалық бағыт;
- Психодиагностика;
- Түзету-дамытушылық;
- Кеңес беру;
- Психопрофилактика ,психоағарту.

№	Ақпаратты –аналитикалық бағыт	мерзімі	жауапты
I.	***<u>Әкімшілік- құрылымдық құжаттармен жұмыс</u>*** 1. Жылдық жұмыс жоспарын құру.		Психолог

	2. Кабинет құжаттарымен жұмыс. 3. Педагогика-психологиялық құжаттармен жұмыс: - психологтың кеңес беру журналы: (ата-аналар ға, педагогтарға) - дарынды балалармен жұмыс журналы; - түзету-дамытушылық жұмыстар журналы; - апталық жоспар журналы; -сұраныстар журналы. - жыл бойы жүргізілген жұмыстарының аналитикалық, статистикалық есебі.	тамыз қыркүйек жыл бойы жыл бойы жыл бойы мамыр	
II.	***Мұрағат құжаттарымен жұмыс*** 1. Психопедагогикалық даму картасы 2. Психологиялық зерттеулердің нәтижесі 3. Диагностикалық зерттеулердің хаттамасы	жыл бойы жыл бойы жыл бойы	Психолог
III.	***Ұсынылатын құжаттары:*** • Жылдық жұмыс жоспары; • жыл бойы жүргізілген жұмыстарының аналитикалық, статистикалық есебі. • кіші және орта топ балаларының таным процессінің көрсеткіші • балабақша түлектерінің мектепке дайындығын зерттеу қортындысы	Тамыз қыркүйек мамыр желтоқсан мамыр	Психолог
IV.	***Өзіндік даму жоспары:*** - балабақша жұмысына белсене араласу; - аудандық, облыстық семинарларға қатысу; - біліктілігін көтеру; - семинар мен іс-шаралар өткізу - танымдық сайыстарға қатысу.	ҚББ жоспарына сәйкес, балабақша жоспарына сәйкес.	Психолог

Тәрбиеленушілермен жұмыс.

№	Мазмұны	Жұмыс түрі	мерзімі

I.	**<u>Психодиагностика:</u>** ➢ кіші және орта топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /алғашқы тексеру/ ➢ кіші және орта топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /қайталап тексеру/ ➢ Ересек топ балаларының мектепке дайындығын тексеру ➢ Кіші және үлкен топ балаларының қобалжуын тексеру / «Өмірде жоқ жануар» тесті/ ➢ Отбасы жайлылығын анықтау / «Менің отбасым» тесті/ ➢ Жеке тұлғалық қасиетін анықтау / «Үй- адам- ағаш» проективті тесті /	Топтық тексеру Топтық тексеру жеке тексеру жеке тексеру топтық тексеру топтық жеке тексеру	Қыркүйек-қазан-қараша сәуір мамыр ақпан наурыз желтоқсан қаңтар кезінде
II.	**<u>Түзету-дамыту жұмыстары.</u>** ➢ Мектепке дейінгі балалардың қобалжуын сейілту ➢ Тәртібінде қиындығы бар балалармен психосергіту жұмыстары. ➢ «Міне, біздер қандаймыз!» / Крюкова С.В/. - кіші топ балаларының көңіл-күйін көтеру. ➢ Ортаңғы және ересек топ балаларының тұлғааралық қарым қатынасын анықтау /социометрия әдісі/ ➢ « Мектепке дайындық» психофизиологиялық дамуын, жетілуін, таным қасиетін дамыту. ➢ Ортаңғы топ балаларына қарым-қатынасты меңгерту. «Менің достарым» ➢ «Құм» терапиясы (тақырып жағдайға байланысты) ➢ «Ертегі » терапиясы (тақырып жағдайға байланысты) ➢ Арттерапия (тақырып жағдайға	жеке жұмыстар жеке жұмыстар топтық жұмыстар топтық жұмыстар топтық жұмыстар топтық жұмыс жеке жұмыс топтық	сәуір жыл бойы қаңтар желтоқсан ақпан қазан жыл бойы

	байланысты) ➢ Музыка терапиясы (тақырып жағдайға байланысты)	жұмыс топтық жұмыс топтық жұмыс	жыл бойы жыл бойы жыл бойы

IV.	**<u>Түрлі саладағы тәрбиеленушілермен жұмыс</u>** **<u>Дарынды балалармен жұмыс</u>** Дарынды балаларды іріктеу,оларға жеке карта арнау • «Мына суретте не жетіспей тұр?» • «Ортақ қасиетін тап» • «Әлемде жоқ жануар» • «Менің ертегім» • «Ертегіні жалғастырып көр» • «Не артық» • «Сиқырлы айна» • «Сипаттамасы бойынша тап» және т.б әдістемелер **<u>Өте белсенді (гиперактив) балалармен жұмыс</u>** • Әр баланың психологиялық дамуына байланысты диагностикалық карта арнау • Балалармен коррекциялық іс–шаралар өткізу • Түрлі әдістемелер топтамаларын жүргізу • Кеңес жұмыстарын жүргізу	Жеке, топтық жұмыстар Жеке, топтық жұмыстар	Қыркүйек, Қазан Қазан Қараша Желтоқсан Қаңтар Ақпан Наурыз Сәуір Мамыр Қыркүйек Жыл бойы Жыл бойы
	<u>Тәртібінде қиындығы бар балалармен жұмыс</u>		

	• Әр баланың психологиялық дамуына байланысты диагностикалық карта арнау • Балалармен коррекциялық іс–шаралар өткізу • Түрлі әдістемелер топтамаларын жүргізу Кеңес жұмыстарын жүргізу	Жеке, топтық жұмыстар	Қыркүйек Жыл бойы Жыл бойы Жыл бойы

Педагог кадрлармен жұмыс

№	Мазмұны	Жұмыс түрі	мерзімі
I.	**<u>Психодиагностика:</u>**	Жеке,	

	Сұраныс бойынша	топтық жұмыс	жыл бойы
II.	**<u>Психоағарту</u>** • Іскерлік ойын « Қарым-қатынаста қандаймыз?» • Семинар «балабақша бүлдіршіндерінің дамуындағы психологиялық ауытқуларды болдырмау» • Тренингтік жаттығу: "Жақсы көңіл күй жан қуанышы"	топтық жұмыс	қараша мамыр наурыз
III.	**<u>Кеңес беру</u>** Жеке, топтық	жеке, топтық жұмыс	жыл бойы
IV.	**<u>Педагогикалық кеңес</u>** • «Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті» • «Балалардың танымдық ерекшелігі» • «Мектепке даярлық деген не?»	топтық	қазан желтоқсан ақпан

<u>Ата-анамен жұмыс</u>

№	**Мазмұны**	**Жұмыс түрі**	**мерзімі**

I.	**Психодиагностика:** Сұраныс бойынша	жеке, топтық жұмыс	жыл бойы
II.	**Психоағарту** *Жалпы ата-аналар жиналысына қатысу,* • Кіші топ ата-аналарымен: «Ерте жастағы бала психологиясы» -; • Жоғары топ ата-аналарымен: - «Сіздің балаңыз болашақ оқушы!» • Жас ата-аналарға кеңес: - «Балабақшаға алғаш келгенде»; *Топ ата-аналар жиналысына қатысу:* **Кіші топ:**. «Балабақшаға бейімделу» **Ортаңғы топ:** «Бала өзінің тәртібімен не айтқысы келеді?» **Ересек топ:** «Баланы мектепке дайындауды қалай жүргіземіз?» Ата-аналарға ақпараттар: **КТ**: «Бала балабақшаға алғаш келгенде», «Бейімделу кезеңі», «Баланы түсіну», «Балабақшаға қуанышпен», «Балаңыздың тілінің дамуы», «Баланы киінуге қалай үйретуге болады?». **ОТ**. «Балаға не үйрете аламыз?», «Санауды үйретеміз», «Анамызбен асханадамыз», «Тынымсыз ұйқы », «Ойын- көмекшіміз», «Бала үрейін қалай жеңеміз?» **ЕТ.** «Балаларға ұнайтын тәсілдер», «Мектепке қуанышпен», «4-5 жастағы ерекшелік», «Жазалау дұрыс па , бұрыс па?», «Күзде мектепке барамыз».	топтық жұмыс	жыл бойы мекеме жоспарына сәйкес
III.	**Кеңес беру** Ата-аналардың сұранысы бойынша кеңес беру	Жеке жұмыс	жыл бойы

«Толағай-1» балабақшасындағы психологиялық қызметтің 2025 - 2026 оқу жылына арналған айлық жұмыс жоспары

Қыркүйек айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Педагогика-психологиялық құжаттармен жұмыс	Құжаттармен жұмыс	Құжаттармен жұмыс	01-03.09.202___
2	Кіші топ балаларының таным процесінің көрсеткіші (алғашқы тексеру)	Топтық жұмыс	Психодиагностика	06-10.09.202___
3	Дарынды балаларды іріктеу,оларға жеке карта арнау	Топтық жұмыс	Психодиагностика	13-17.09.202___
4	Өте белсенді (гиперактив) баланың психологиялықдамуынабайланысты диагностикалық карта арнау	Жеке жұмыс	Психодиагностика	20-24.09.202___
5	Тәртібінде қиындығы бар балаларды анықтау,оларға психосергіту жұмыстарын жүргізу	Жеке жұмыс	Психодиагностика Психологиялық түзету-дамыту	27-28.09.202___
6	Төменгі топ ата-аналарына ақпарат: *«Бала балабақшаға алғаш келгенде»*	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	30.09.202___

Қазан айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Ортаңғы топ балаларының таным процесінің көрсеткіші (алғашқы тексеру)	Топтық жұмыс	Психодиагностика	04-08.10.202____
2	Ортаңғы топ балаларына қарым- қатынасты меңгерту. «Менің достарым»	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	11-15.10.202____
3	Дарынды балалармен жұмыс. «Мына суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі	Жеке жұмыс	Психодиагностика	18-22.10.202____
4	«Балалардың психологиялық саулығы балабақша жұмысының басты міндеті» Тәрбиешілерге баяндама	Топтық жұмыс	Психоағарту	25-29.10.202____
5	Өте белсенді балалармен «Құм» терапиясы (тақырып жағдайға байланысты)	Жеке жұмыс	Бақылау Психологиялық түзету-дамыту	25.10.202____
6	Ересек топ ата-аналарына ақпарат: «Балаларға ұнайтын тәсілдер»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	29.10.202____

Қараша айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Кіші топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /қайталап тексеру/	Топтық жұмыс	Психодиагностика	01-05.11.202____
2	Дарынды балалармен жұмыс «Ортақ қасиетін тап» әдістемесі	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	08-10.11.202____
3	Тәртібінде қиындығы бар балалармен жұмыс «Әлемде жоқ жануар» әдістемесі	Жеке жұмыс	Психодиагностика	15-19.11.202____
4	Іскерлік ойын «Қарым-қатынаста қандаймыз?»	Топтық жұмыс	Психодиагностика	22.11.202____
5	Дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс. Ертегі терапиясы	Жеке жұмыс	Бақылау Психологиялық түзету-дамыту	23-26.11.202____
6	Кіші топ ата-аналарына ақпарат: «Балаға не үйрете аламыз?»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру Әңгімелесу	30.11.202____

Желтоқсан айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Отбасы жайлылығын анықтау «Менің отбасым»	Топтық жұмыс	Психодиагностика	02-03.12.202___
2	Ортаңғы және ересек топ балаларының тұлғааралық қарым қатынасын анықтау /социометрия әдісі/	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	06-09.12.202___
3	Дарынды балалармен жұмыс «Әлемде жоқ жануар»	Жеке жұмыс	Психодиагностика	13-15.12.202___
4	Дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс.	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету- дамыту	20-22.12.202___
5	Кіші топ ата-аналарына ақпарат: «Ойын-көмекшіміз»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	23.12.202___
6	Тәрбиешілерге арналған баяндама «Балалардың танымдық ерекшелігі»	Топтық жұмыс	Психологиялық кеңес беру	27.12.202___
7	Жарты жыл бойы жүргізілген жұмыстардың аналитикалық, статистикалық есебі.	Құжаттармен жұмыс		28-29.12.202___

Қаңтар айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Ортаңғы және ересек топ балаларының жеке тұлғалық қасиетін анықтау / «Үй- адам-ағаш» проективті тесті /	Топтық жұмыс	Психодиагностика	05-07.01.202__
2	«Міне, біздер қандаймыз!» / Крюкова С.В/. - кіші топ балаларының көңіл-күйін көтеру.	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	10-14.01.202__
3	Дарынды балалармен жұмыс.«Менің ертегім»	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	17-21.01.202__
4	Өте белсенді (гиперактив) балалармен жұмыс.	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	24-28.01.202__
5	Тәртібінде қиындығы бар балаларға түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	31.01.202__
6	Педагогтарға психологиялық кеңес беру	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру Әңгімелесу	Сұраныс б/ша

Ақпан айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Ересек топ балаларының мектепке дайындығын тексеру	Топтық жұмыс	Психодиагностика	01-03.02.202__
2	« Мектепке дайындық» психофизиологиялық дамуын, жетілуін, таным қасиетін дамыту.	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	07-10.02.202__
3	Дарынды балалармен жұмыс. Ертегіні жалғастырып көр»	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	14-17.02.202__
4	Кіші топ ата-аналарына арналған ақпарат: «Балаңыздың тілінің дамуы»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	21-25.02.202__
5	«Ертегі » терапиясы (тақырып жағдайға байланысты) Кіші топ	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	24.02.202__
6	Педагогтарға баяндама: «Мектепке даярлық деген не?»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	28.02.202__

Наурыз айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Ортаңғы және ересек топ балаларының қобалжуын тексеру / «Өмірде жоқ жануар» тесті/	Топтық жұмыс	Психодиагностика	01-03.03.202__
2	Дарынды балалармен жұмыс: «Не артық » әдістемесі	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	10.03.202__
3	Педагог кадрлармен жұмыс. Тренингтік жаттығу: "Жақсы көңіл күй жан қуанышы"	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	14-17.03.202__
4	Ересек топ ата-аналарына арналған ақпарат:«Жазалау дұрыс па , бұрыс па?»	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	28.03.202__
5	Тәртібінде қиындығы бар балалармен жұмыс. Түрлі әдістемелер топтамаларын жүргізу.	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	30.03.202__

Сәуір айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Орта топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /қайталап тексеру/	Топтық жұмыс	Психодиагностика	04-08.04.202__
2	Ересек топ балаларының қобалжуын сейілту	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	11-15.04.202__
3	Дарынды балалармен жұмыс. «Сиқырлы айна»	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	18-20.04.202__
4	Кіші топ ата-аналарына арналған ақпарат: «Баланы киінуге қалай үйретуге болады?».	Жеке жұмыс	Психологиялық кеңес беру	20-22.04.202__
5	Өте белсенді балалармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу	Жеке жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	22-27.04.202__

Мамыр айы

№	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Жұмыс бағыты	Мерзімі
1	Кіші топ балаларының таным процесінің көрсеткіші /қайталап тексеру/	Топтық жұмыс	Психодиагностика	02-05.05.202__
2	Дарынды балалармен жұмыс: «Сипаттамасы бойынша тап» әдістемесі	Топтық жұмыс	Психологиялық түзету-дамыту	10-12.05.202__
3	Ересек топ ата-аналарына арналған ақпарат: «Мектепке қуанышпен»	Топтық жұмыс	Психологиялық кеңес беру	16.05.202__
4	Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың аналитикалық, статистикалық есебін дайындау,есеп беру.	Құжаттармен жұмыс		23-26.05.202__

ЖШС “Толағай-1” балабақшасының
педагог-психологы Рахимова Дамегул
2025 - 2026 оқу жылының I жарты жылдығында
атқарған жұмыстарының есебі.

2025 - 2026 оқу жылында алған қойған **мақсатым:** «Педагогикалық ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климатты қалыптастыра отырып, баланың өзіндік дамуы мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.» Алға қойған мақсатыма жету үшін төмендегі **міндеттерді** өз міндетіме алдым.

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын үйлесімді дамытуға арналған қолайлы психологиялық жағдайлар жасау;
2. Балалардың жеке ерекшеліктеріне диагностика жасау, олардың қызығушылықтары мен қабілеттіліктерін айқындау;
3. Баланың жеке тұлғасы дамуындағы мүмкін болатын жағымсыз факторларды аңғару, оларды түзету.
4. Балалардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту;
5. Педагогтар мен ата-аналардың арасында психологиялық сауаттылықты насихаттау;
6. Балабақшада психологиялық қызметке дұрыс әлеуметтік сұранысты қалыптастыру;
7. Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларына уақытылы психологиялық қолдау көрсету.

Жылдық жоспар құрылып, бекітіліп, міндеттер айқындалғаннан кейін жоспарға сүйене отырып, психологиялық қызмет **4 бағытта** жүргізілді.

1. Психологиялық ағарту, алдын-алу (профилактика).
2. Психологиялық диагностика.
3. Психологиялық коррекция және түзету.
4. Психологиялық кеңес беру.

Тұлғалық қасиеттерді дамытуға бағытталған сауықтыру, алдын алу және ағарту, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін, қарым-қатынасын зерттеу, педагогикалық үрдістердегі мәселелерді шешуге көмек беру және кеңес беру жұмыстары тәрбиеленушілермен, тәрбиеші-педагогтармен, ата-аналармен, әкімшілікпен жүргізілді.

Жылдық жоспарға сай **қыркүйек** айында балаларды балабақша өміріне бейімдеу мәселелері бойынша жұмыстар жоспарланды. Мектепке дейінгі білім беру орталығына, «Балдәурен»тобына жаңадан келген және топтан топқа ауысқан балалардың көңіл-күйінің бірқалыпта болуы қадағаланып, бейімдеу парақшалары толтырылды. Балалардың жанұясымен танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. «Менің балам», «Менің отбасым» тақырыбында ата-аналарға қысқаша шығарма жазып беру ұсынылды. Ата-аналарға «Балаңыз балабақшаға дайын ба?», «МДҰ–дағы алғашқы күндер» тақырыптарында арнайы психологиялық

кеңестер берілді. Балалардің балабақша өміріне бейімделу параметрлері бойынша жүргізілген бақылау нәтижесіне келетін болсақ «Қарлығаш»тобында тізімде 25 бала болды. Бейімдеу дәрежесі жеңіл өтті. Дене денсаулығының көрсеткіштері бойынша балалардың тәбеті, ұйқысы дұрыс болды. Топтың психологиялық бейімделу мониторингінің нәтижесі бойынша 95% жеңіл, 5% орташа деңгейде өтті. Ата-аналарға үйде эмоциялық жағымды ахуал тудыру, үйде балабақша режіміне барынша жақындатылған күн тәртібін сақтау туралы айтылды. Қыркүйек айында топтық ата-аналар жиналыстарында ата-аналармен «Ата-ана баланың алғашқы ұстазы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Қазан айында балалардың психологиялық тұрғыдан даму дәрежесінің жеке бағдарлама мен жас шамасына сәйкес келуін анықтау мақсатында «Еркетай», «Шаңырақ», «Қарлығаш» топтарында диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балалардың психологиялық дамуының жеке карталары толтырылды.

Диагностика нәтижесі бойынша:

1 «Смешарики» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша ____ баланың нәтиже көрсеткіштері төмендегідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы жоғары - 0- 0%
орташадан жоғары – 0-0%
орташа - 4 - 36%
орташадан төмен – 2 - 18%
төмен - 5 -45%

Зейіні жоғары – 0- 0 %
орташадан жоғары – 3 -27%
орташа -1 - 9%
орташадан төмен -2 - 18%
төмен – 5 - 45%

Жады(есте сақтауы) жоғары -2 - 18%
орташадан жоғары - 1 - 9%
орташа – 3- 27%
орташадан төмен – 3 - 27%
төмен – 2 - 18%

Ойлауы жоғары -1- 9 %
орташадан жоғары -2- 18%
орташа – 3 - 27%
орташадан төмен -2 - 18%
төмен - 3- 27%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар: _____, _____, _____, _____.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары – 7%
орташадан жоғары – 13%

орташа – 25%
орташадан төмен – 20%
төмен – 34%

2. «Балдаурен» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша 17 баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы жоғары – 2-16%
орташадан жоғары - 0-0%
орташа - 7-54%
орташадан төмен - 0-0%
төмен - 4-32%
Зейіні жоғары - 2-16%
орташадан жоғары - 1-8%
орташа - 5-38%
орташадан төмен - 2-15%
төмен - 3-23%
Жады(есте сақтауы) жоғары - 2-16%
орташадан жоғары - 0-0%
орташа - 5-38%
орташадан төмен - 3-23%
төмен - 3-23%
Ойлауы) жоғары - 1-8%
орташадан жоғары - 2-16%
орташа - 3-23%
орташадан төмен - 4-32%
төмен - 3-23%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар: _____, _____, _____, _____.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары - 14 %
орташадан жоғары - 6%
орташа - 38%
орташадан төмен - 18%
төмен – 25%

3. «Қарлығаш» тобы балаларының жеке психологиялық даму деңгейін анықтау әдістемелері бойынша _____ баланың нәтиже көрсеткіштері төмендігідей болды. Топ бойынша жеке психологиялық даму деңгейі:

Қабылдауы жоғары – 3-16 %
орташадан жоғары - 4-21%
орташа - 8-42%
орташадан төмен - 2-10%
төмен - 2 – 10%
Зейіні жоғары – 3-16 %
орташадан жоғары - 3-16%

орташа - 6-32%
орташадан төмен - 5-26%
төмен - 2-10%

Жады жоғары – 4-21%
орташадан жоғары – 3 - 16%
орташа – 7-37%
орташадан төмен – 3-16%
төмен - 2-10%

Ойлауы жоғары – 3-16%
орташадан жоғары - 2-10%
орташа - 7-37%
орташадан төмен - 3-16%
төмен - 4-21%

Жеке жұмыстар жүргізуге тұратын балалар: _____, _____, _____, _____.

Сараптамалық бағалау жалпы топ бойынша төмендегі көрсеткіштерді көрсетті.

жоғары – 17%
орташадан жоғары –16 %
орташа – 37%
орташадан төмен – 17%
төмен – 13%

Ескерту: Жалпы балабақша бойынша салыстырғанда ерте жас тобынан ересек тобына қарай балалардың білімі арта түседі, пайыз көрсеткіштері жоғары. Жылмен салыстырғанда кей бір топтарда пайыз көрсеткіштерінің өзгермеуі, топтағы балалардың тізім бойынша тұрақты болмауы, арасында кей бір балалар кетіп қалып, орнына жаңа балалардің келуі себеп болады.

Топқа жаңа келген балалардың бағдарламалық білім меңгеруі төмен көрсеткіш береді.

Психодиагностикалық зерттеу барысында басқа ұлт балаларының тіл жағынан қийналатыны байқалды. Көбінесе балалар үш тілде (қазақ, орыс, ана тілінде) жауап береді. Даму көрсеткіштері төмен болған балалармен жеке жұмыстар жүргізу, көбірек ойындарға қатыстыру туралы тәрбиешілерге ұсыныстар берілді. «Өзекті мәселелерді қарау және балалардің бағдарламаны меңгеруі, диагностика қорытындылары» тақырыбында әкімшілік мүшелері мен топ тәрбиешілері таныстырылып, пікір алмасу өткізілді. Балалардің таным белсенділігін арттыру мақсатында түзету жеке жұмыстары жүргізілді. «Не артық?», «Суреттен не көрдің?», «Айырмашылықтарын тап», «Түсін айт», «Жыл мезгілдерін ата» атты психокоррекциялық ойын-жаттығулар ойнатылды.

Қараша айында тәрбие және білім беру үдерісін анықтау мақсатында тәрбиеші-педагогтардың ашық оқу қызметтеріне, сабақтарына қатысып, психологиялық тұрғыдан талдаулар жасалынды және таңертеңгілік қабылдау кезінде тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасын бақылау жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші-педагогтар арасында «Сенімділік кілті»

атты психологиялық тренинг өткізілді. «Тәрбиеші жұмысында қандай кедергілер кездеседі?» атты сауалнама алынды. Жауаптарды ауыстыра отырып, «Сіз не істеген болар едіңіз?» сауалнама жауаптары бойынша пікір алмасты. Проблемалық мәселердің шешімін бірге іздеп тапты.

Тренинг мақсаты: Педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға, қарым-қатынас дағдысын дамытуға, өз-өзіне деген сенімділігін, жағымды қатынасты арттыруға, көңіл-күйлерін көтеруге бағытталған. Тренинг жаттығулары педагогтардың бірін-бірі түсінуін, өзін жетілдіру, өзін-өзі тануын дамытады.
Тұлға аралық қарым-қатынасты жақсарту, ұжымда демократиялық деңгейді көтеру.

Міндеттері: Топта жағымды психологиялық климат қалыптастыру; Топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту; Педагогтардың коммуникативтік біліктілігін арттыру.
Ата-аналар үшін психолог бұрышында «Бала тәрбиелеуде ертегі терапиясының маңызы» тақырыбында атты психологиялық кеңес берілді. Ертегі баланың көңіл-күйі мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға әсер ететінін, ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айырықша көңіл бөлгеніміз жөн екенін, әсіресе, ертегінің мектеп жасына дейінгі балаға тигізер әсері мол, пайдасы зор екені туралы кеңес берілді

Мектепке дейінгі ұйымдарда түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын есепке алуда, балаға педагогикалық қолдау көрсетуде және балалармен әрі қарай жасайтын жұмыстарына түзету жүргізуде ықпал ететін баланың даму деңгей мониторингін жүргізудің, күтілетін нәтижелер бойынша жасалынатын индикатор бойынша тәрбиешілерге психологиялық көмек берілді және баланың даму мониторингін өткізуде қойылатын талаптармен тәрбиешілермен пікір алмастырылды.

Желтоқсан айында Ата-аналар үшін « Баланы тәрбиелеуде көтермелеу және жазалау» тақырыбында психологиялық кеңес берілді.
Балалар арасында «Мен әжеме көмектесемін», «Біздің отбасылық мереке» тақырыптарында бала және ата-ана қарым-қатынасындағы үлгі-өнегінің тәрбиелік ықпалын арттыру мақсатында әңгімелер жүргізілді.

Жалпы балабақша бойынша өткізілген мерекелік іс-шараларға үнемі психологиялық қолдау көрсетілді.